

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Нұр-Сұлтан қ.

№86

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Капезов Берлик Еркенович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Қазақ соқырлар қоғамының №1 Алматы оқу-өндірістік кәсіпорыны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Ибрагимова Алтынай Конратбаевна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2020-05-11» жыл № 4277949-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 067-011-414 «Жол-құрылыс машиналары» шеберханасына жабдықтар сатып алу;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 42 224 000.00 (қырық екі миллион екі жүз жиырма төрт мың тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 4 524 000.00 тенге (төрт миллион бес жүз жиырма төрт мың тенге нөл тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт 067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары бюджеттік бағдарламасы, 011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен кіші бағдарламасы, 414 Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу ерекшелігі бойынша - 42 224 000.00 (қырық екі миллион екі жүз жиырма төрт мың тенге нөл тиын) оның ішінде ҚҚС 2020 жылы тіркеуге жатады.



2.3 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);
- 5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;
- 2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- 3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;
- 4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;
- 5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;
- 6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;



7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық



ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күн ішінде ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 1;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған жағдайда, онда белгіленген үлгіде «СТ-KZ» Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі беріледі.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы белгілеген тәртіппен берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе



нотариалды расталған көшірмесі беріледі.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген



мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2020-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп



1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға



байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.2 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бқөлігінде рұқсат беріледі.

12.3 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.4 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер



Тапсырыс беруші:
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-
техникалық колледжі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
г.Нур-Сұлтан, Шоссе Коргалжын, 22
БСН 090940009071
БСК ККМФКZ2A
ЖСК KZ22070102KSN6201000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
Комитеті" РММ
Тел.: 87172570542
Басшысы Капезов Берлик Еркенович

Өнім беруші:
"Қазақ соқырлар қоғамының №1 Алматы
оқу-өндірістік кәсіпорыны"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
г.Алматы, Муратбаева, 138
БСН/ЖСН 941140001019
БСК CASPKZKA
ЖСК KZ95722S000000012294
"KASPI BANK" АҚ
Тел.: 87079933396
Директор Ибрагимова Алтынай
Конратбаевна

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 4277949-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
067-011-414 : Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мұқкамал құралдарын сатып алу						«Жол-құрылыс машиналары» шеберханасына жабдықтар сатып алу						
34716311-ОИ2	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мамандандырылған стенд	сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттаудың (СОБ) реле құрылғыларының блоктар параметрлерін тексеру үшін	Зертханалық стенд «Жүк көтергіш механизмдер жүйелеріндегі датчиктер» Лабстенд «Жүк көтергіш механизмдер жүйелеріндегі датчиктер» оқу кешені жүк көтергіш механизмдер жүйелерінде орнатылған датчиктердің жұмыс істеу қағидаларын зерттеуге мүмкіндік береді. Кешен құрамына электр өлшеу аспаптары кіреді: Мультиметр Сандық осциллограф Өнеркәсіптік датчиктер Кешен сенсорға физикалық әсерді электрлік ақпараттық сигналға түрлендіруді бақылауға мүмкіндік береді.	Дана	1	5 376 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	5 376 000.00
34716301-ОИ2	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Оқу жабдығы жиынтығы	типтік компьютерлік	Демонстрациялық кешен «Крандар, экскаваторлар және көтеру тиеу жабдықтары» Лабстенд. 5 адамға дейін кабинеттегі дидактикалық материалдарды көрсетуге арналған жабдықтар кешені. Құрамы: проектор, экран (150x150 см), ноутбук, курс бойынша дидактикалық; - ілмектеу ісі. Графикалық Модульдер-51. - Құрылыс өндірісінің технологиясы. Графикалық Модульдер-191. - Құрылыс конструкциялары. Графикалық Модульдер-85. - құрылыс машиналар. Графикалық Модульдер-71. - машина бөлшектері және құрастыру негіздері. Графикалық Модульдер-200. - гидравлика және гидрожетек. Графикалық Модульдер-171. - электроника. Графикалық Модульдер-181. - Электржетек негіздері. Графикалық Модульдер-68. - өндіріс жағдайында өмір тіршілігінің қауіпсіздігі. Графикалық Модульдер-114. - өнеркәсіптік және азаматтық ғимараттардың электр жабдықтарын монтаждау және пайдалану. Графикалық Модульдер-96.	Дана	1	3 360 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	3 360 000.00
347182052-ОИ2	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Оқу-зертханалық жабдық	стендтік орындау	Гибридті автомобильдің оқу моделі Техникалық сипаттамалары: 1. Өлшемдері: 4.5*1.75*1.58м; (Д x Ш x В) кем емес 2. Жұмыс қуаты: батарея 12V/60AH 3. Жұмыс температурасы: -40°C~50°C Өнім сипаттамасы Жимынтығы: Гибридті қозғалтқышты құрастыру 1дана Рульдік жүйе 1дана Іске қосу жүйесі 1дана Тежегіш жүйесінің аспаптық панелі 1дана Диагностикалық розетка борт диагностикасы 1дана Желдеткіш 1дана Сақтандырылған блогы 1дана Шығыс өлшегіш 1дана Автокөлік орындары 1дана Есік және терезелер бір жағынан 1дана Доңғалақ 1дана Негізгі функциялары: Бензинді және электрлік гибриді қозғалтқыштардың құрылымы мен жұмыс принципін иллюстрациялау мақсатында іске қосуды, жеделдетуді, баулауды және басқа да әрекеттерді имитациялауға арналған бензинді және электрлік гибриді қозғалтқышы бар гибриді автомобиль. Нақты және жұмыс істейтін бензинді және электрлік гибриді қозғалтқышы бар толық оқу платформасы қозғалтқыштың құрылымы мен жұмыс процесін және электр компонентін иллюстрациялау үшін пайдаланылады. Білім алушылар нақты объектімен схеманы және басқаруды салыстыра отырып, басқару жүйесінің жұмыс принципін оқып, талдай алады.	Дана	1	17 584 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	17 584 000.00
34716331-ОИ2	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мамандандырылған стенд	сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттаудың (СОБ) реле құрылғыларының блоктар параметрлерін тексеру үшін	Құрылыс-жол машиналарының электр жабдықтарын тексеруге арналған стенд. Стендтің қуаты 2 л. с. айналу жылдамдығы бір зарядты реостат 200 Вт (12 В) нольмен Амперметр 50-0-50 а стартерді сынауға арналған Амперметр 0-1000 А электр қоректену 380 В аккумулятордан қоректену 12-24 В салмағы 40 кг.	Дана	1	1 456 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	1 456 000.00



34716306-ОИ2	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мамандандырылған стенд	сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттаудың (СОБ) реле құрылғыларының блоктар параметрлерін тексеру үшін	Зертханалық стенд «Шығардың жұмыс процестері» Лабстенд Құрамы: электр қозғалтқышы, МУВП муфта, ТКТ-100 тежегіші, цилиндрлік редуктор, барабан, ілмегі бар арқан, жүк жиынтығы, рама, жиілік түрлендіргіш, датчиктер жүйесі, контроллер, қуат көзі, ЭЕМ. Реттелетін параметрлер: электр қозғалтқыш білігінің айналу жиілігі, Тежегіштің тежеу сәті, жүктеме шамасы (жүк санының өзгеруі). Өлшенетін параметрлер: Барлық біліктердің айналу жиілігі, барлық біліктерде айналатын саттер, редуктордың пәк, тежеу сәті.	Дана	1	6 160 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	6 160 000.00
34723899-ОИ2	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Арнайы тақтай	интерактивтік	«Жеңіл автомобиль аспасы» виртуалды шындық стенді. Топтық практикалық сабақтарды және оқушылардың өзіндік жұмысын өткізуге арналған. Жеңіл автомобиль аспасының құрылысы мен жұмыс істеу принципі зерттеледі қамтамасыз етеді. Сипаттама: стенд 42 дюймді экран диагоналі бар сенсорлық панель, ұстамалы схема мен жеңіл автомобиль аспасының негізгі элементтерінің түрлі-түсті интерактивті бейнесі бар қабырғалық (үстел) монтаждың соққасына берік қорғалған корпусында жоғары рұқсат етілген. Сенсорлы басқарылатын интерактивті сурет машинаны басқару элементтерін саусақтың немесе нұсқаудың көмегімен тікелей панельге жылжытуға және жеңіл автомобиль аспасының жұмыс параметрлерінің өзгеруін көзбен бақылауға мүмкіндік береді,осылайша оның әрекет ету принципінің көрнекі демонстрациясына қол жеткізіледі. Оқыту, бақылау және тестілеу нәтижелерін шығару функциялары бар. Құрамы: экран диагоналі 42 дюймді сенсорлық панель, кірістірілген ДК және бағдарламалық қамтамасыз ету, паспорт, пайдалану нұсқаулығы. Техникалық сипаттамалары: айнымалы ток желісінен қорек. Кернеуі 220 ± 22 В, жиілігі 50 Гц, тұтынылатын қуаты 1000 Вт артық емес. Салмағы, 65 кг артық емес габариттік өлшемдері, 1700x1100x600 артық емес.	Дана	1	4 816 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	4 816 000.00
34716360-ОИ2	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мамандандырылған стенд	автомобиль электр жабдықтарын диагностикалау, бақылау және жөндеуге арналған	Генераторлар мен стартерлерді тексеруге арналған электр стенді. Техникалық сипаттамалары Массасы - 240 - 297 кг ДхШхВ 780.0 (мм). 1130.0 (мм). 1480.0 (мм) - ден артық емес Тексерілген стартерлер - х.х. режимінде 11 кВт дейін және толық немесе жұмсақ тежеу режимінде 9 кВт-қа дейін қуаттылықты қамтамасыз етеді. Стартерлер жүктемесінің әдісі- толық тежеуінің көмегімен. Тұрақты және айнымалы ток кернеуін өлшеу диапазондары, В - 0,2-2; 2-20; 20-40. Тексерілетін электр жабдығының кернеуі, В - 12 / 24 (14 / 28) Тексерілетін генераторлар - бос режимінде (х.х.) қуаты 6,5 кВт дейін, жүктеме тоғы 160А дейін және 3 кВт дейінгі жүктемемен. Стартерлерді тексеру кезіндегі қуат көзі - қуат көзінің желілік көзі (СИП). Стендтің электрмен қоректенуі - кернеуі 380 В, жиілігі, айн / мин - 500-6000. Генераторларды сынау әдістері - х.х. бойынша және реттелетін жетектің арқасында ТСХ кез келген нүктесінде (тоқ жылдамдығы сипаттамасы). Стартерлерді тексеру кезінде максималды қуат, кВт•А - 20. Айналу моментін өлшеу диапазоны, Н•м - 10-100. Тұрақты ток кедергісін өлшеу диапазондары, Ом - 1-100; 1-100 000. Тұрақты ток күшін өлшеу диапазондары, А - 0,5-5; 5-150; 150-500; 300-1 000. Айналу жиілігін өлшеу диапазоны, айн/мин - 500-9 500. • Автомобильдердің электр жабдықтарын жөндеу және тексеруге арналған бақылау-өлшеу стенді: • - Стартерлер • - Стартерлердің тарту релесі • - Коммутациялық реле • - Реле-үзгіштер • - Авто агрегаттарының электр жетектері • - Жүктемемен және бос жүрісте генераторлар • - Зәкір орамалары • Жартылай өткізгіштер мен резисторлар Стендтің жұмыс істеу принципі жұмыс режимдерін имитациялаудан және жұмыс істеу қабілетін бағалау және ақауларды іздеу үшін жабдықтың сипаттамаларын өлшеуден тұрады . еді .	Дана	1	3 472 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	3 472 000.00



Договор о государственных закупках товаров

г.Нур-Султан

№86

Коммунальное государственное учреждение "Профессионально-технический колледж" акимата города Нур-Султан, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Капезов Берлик Еркенович, действующий на основании Устава, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "Алматинское учебно-производственное предприятие №1 Казахского общества слепых", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Директор Ибрагимова Алтынай Конратбаевна, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2020-05-11 года № 4277949-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 067-011-414 Приобретение оборудования для мастерской "Дорожно-строительных машин";

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) условия поставки закупаемых товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 42 224 000.00 (сорок два миллиона двести двадцать четыре тысячи тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, а также все налоги и сборы, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, в том числе НДС 4 524 000.00 тенге (четыре миллиона пятьсот двадцать четыре тысячи тенге ноль тиын) (далее - сумма Договора).

2.2 В территориальном органе казначейства Договор подлежит регистрации по бюджетной программе 067 Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций, по подпрограмме 011 За счет трансфертов из республиканского бюджета, по специфике 414 Приобретение машин, оборудования, инструментов, производственного и хозяйственного инвентаря - на 2020 год 42 224 000.00 (сорок два миллиона двести двадцать четыре тысячи тенге ноль тиын) в том числе НДС.

